

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тарих факультеті

Археология, этнология және музеология кафедрасы

Бекітілді

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде

Хаттама № 2 «29 қыркүйек» 2025 ж.

Факультет деканы  Байзұнаков Д.С.



54074 «ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ» ПӘНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ

ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B02211 – Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

3 курс, күзгі семестр

6 кредит

Алматы 2025 жыл

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: т.ғ.д. Қалыш А.Б.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасы: «6B02211 – Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген.

Археология, этнология және музеология кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды
«_02_»_09__2025 ж., хаттама №_1_

Кафедра меңгерушісі  Жуматаев Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
академиялық комитеттің төрайымы  Бижанова М.Т.
«_05_»_09__2025 ж., хаттама №_1_

Кіріспе

Студенттер «Тарихи өлкетану» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттер сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студент емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі.

1. «Тарихи өлкетану» пәнінің мақсаты мен міндеттері.
2. Тарихи өлкетануды зерттеудің негізгі формасы мен әдістері.
3. Жазбаша дерек-көздің, ауызекі халық шығармашылығының және басқа да дерек-көздердің тарихи өлкетанудағы рөлі.
4. Орта ғасырдағы Қазақстанның тарихи өлкетану деректері.
5. Тарихи өлкетанудағы археологиялық деректер.
6. Тарихи өлкетанудағы этнологиялық деректер.
7. Тарихи өлкетанудағы статистикалық-демографиялық деректер.
8. XV –XVII ғасырлардағы тарихи-өлкетану мәліметтері.
9. XVIII ғасырдағы тарихи-өлкетану зерттеулер.
10. XVIII–XIX ғ. екінші жартысындағы тарихи-өлкетану зерттеулерінің дамуы.
11. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы тарихи-өлкетану зерттеулерінің дамуы.
12. 1930-1980 жылдарындағы Қазақстандағы өлкетанудың дамуындағы ғылыми мекемелердің рөлі.
13. Өлкетану зерттеулеріндегі музейлердің рөлі.
14. Мұрағаттанудың тарихи өлкетанумен және тағы басқа ғылымдармен байланысы.
15. Өлкетану мен республиканың ескерткіштерін қорғау қоғамының өзара байланысы.

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:-

- Қазақстан тарихи өлкетануының дамуының негізгі кезеңдерін білу және түсіну.
- Өткен тарихи құбылыстар мен кезеңдерді сыни тұрғыдан талдау арқылы адамзат қоғамының әлемдік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен байланыстыру.
- Тарихи өлкетану құрылымы мен оның құрамдас бөліктерін зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру.
- Ежелгі және орта ғасырлардан бастап, жаңа және соңғы кезеңге дейін өлкетанудың әртүрлі аспектілеріне объективтік баға беру; өлкетанудың әлемдік-мәдени тарихи үдерістегі және гуманитарлық білімдер жүйесіндегі орны мен маңызын игеру.
- Тарихи өлкетанудың тарихи пәндер жүйесіндегі мәні мен мақстына сыни тұрғыда баға беру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі

Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 168 с.

Бейсенова А.С. Исторические основы географических исследований Казахстана. – Алматы: КазГосИНТИ, 2001.

Исаева А.И. Тарихи өлкетану. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.

Калыш А.Б., Исаева А.И. Историческое краеведение Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 305 с.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Т. 1-6. – Алматы: Слон, 2011-2016.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «Тарихи өлкетану»

Форма: жазбаша (оффлайн). Платформа: Univer АЖ

Балл Критерилер	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттан а рлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	1 сұрақ. Максималды балл – 33 балл				
	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Тарихи өлкетану бойынша зерттеу саласындағы негізгі білімді түсіну. Сұрақтың теориялық негіздерін түсіндіру және түсіну	"Өте жақсы" деген баға Тарихи өлкетану мәселесін талдап, ғалымдардың еңбектерін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым	"Жақсы" деген баға жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде кате жіберілген. Жауапта стилистикалы қ	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұраққа толық жауаптың жазылмауы, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің	Қойылған сұраққа дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

	жасап, сұраққа толық жауап жазу.	қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	бұзылуына жол береді, сұрақтың мазмұнын ашпайды.		
--	--	---	--	--	--

2 сұрақ. Максималды балл – 33 балл

Балл Критерилер	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Білім мен әдістемелерді қолдану, зерттеу саласындағы мәселелерді шешуді негіздеу. Тарихи өлкетанудың теориясы, әдістемесі және тәжірибесі мәселелерін ұғынуы.	Тарихи өлкетануға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

3 сұрақ. Максималды балл – 34 балл

Балл Критерилер	30-34 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Тарихи өлкетанудың теориясы, әдістемесі және тәжірибесі мәселесін түсіндіруге, бағалауға, тәжірибеде қолдануға қабілеттілігі.	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Өлкетанулық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктерді	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

			ң болуы.		
--	--	--	----------	--	--